

***Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК***

Өндірістік кеңестің хаттамалары

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және
олармен бірдей электрондық құжаттар.

29.09.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

1.Тындалды Бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша әдіскері Ж.Нуралиева тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Сонымен бірге бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

Өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін, тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып, орындайтындығын білдірді, қолын қойды.

2.Тыңдалды Бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне, денсаулығына жауаптымыз. Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

3.Тыңдалды балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану т.с.м. мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ ақуыздар мен майлардың көп бөлігін балалар түс кезінде алады. Майлар мен ақуыздар өсіп келе жатқан ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Ағзаға ақуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды. Сондықтан да, ақуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет. Тағамның әр түрлі болғаны маңызды, сол ғана оның пайдасын арттыратынын айтып, мейірбике С.Калиеваға 10 күндік ас мәзірін құруды тапсырды.

4.Тыңдалды. Бөбекжай есепшісі Ш.Аштарханова қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

Шешімі:

1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.

3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндік ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын. Жауапты

4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекітілсін.

Кенес төрайымы
Хатшысы



А. Кузенбаева
Ш. Аштарханова

04.12.2023 ж

Қатысқандар саны-10

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық

1.Тыңдалды өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына бөбекжай меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева тоқталды. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі, лауазымдық міндеттеріне сай жұмыс істеп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, бөбекжайда тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті.

Мейірбике С.Калиева бөбекжайдың күзгі-қысқы мерзімге 10 күндік ас мәзірі жасалып, бекітіліп ,сол бойынша балалар тамағы жасалып жатырғанан, бала тамағы сақталуы, дайындалуы талапқа сай екенін айтып өтті.

бөбекжай меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп қорытындылады.

2.Тыңдалды шару меңгерушісінің м.у.а С.Калиева «Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметі. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп,мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді. . Барлық топ 20-22⁰ С қалыпты температура сақталуда екенін айтты.

бөбекжай меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды.

3.Тыңдалды Бөбекжай меңгерушісінің м.у.а Ж.Нуралиева қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту туралы мәліметімен таныстырды. Барлық қызметкерлер дайындалған кестеге қанағаттанатындықтарын білдірді.

4.Тыңдалды Жаңа жыл мерекесіне дайындық

Бөбекжайда жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шаралары сақтау керектігі жайлы меңгеруші сөз етті. Жылдың 20 желтоқсанныан бастап, музыка залында өрт қауіпсіздік шаралары сақтай отырып жасалды, шырша орнатылатынын айтты. Ата-аналарға топ жиналыстарында жазатайым оқиғалар болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылсын. Балалар жүретін жолдарда өрт сөндіргіш құралдары жабдықталуын сөз етті. Жаңа жыл мерекесін өткізу үшін қауіпсіздік пен тәртіп ережелеріне кезекшілік ұйымдастырылды. Медбикеке алғашқы көмек көрсету қобдишаларын дайындап қоюы керек екендіктерін ескертті.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
- 2.Бөбекжайдың қысқы жылу мерзіміне дайындығы қанағаттанарлық
- 3.Қызметкерлердің демалыс кестесі бекітілсін.
- 4.Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік шаралар күшейтілсін.

Кенес төрайымы

Хатшысы



М.А. Мұралиева

А. Келесібекова

01.03.2024 ж

Қатысқандар саны-

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы
3. Акция: «Гүлді алея» (ата-аналармен бірге көшеттер отырғызу)
4. Әртүрлі мәселелер

1.Тыңдалды бөбекжайда өткен кеңестің қаулылырының орындалуы туралы есебі. Бөбекжайда жылу жыл бойы қалыпты 22-24⁰ С болғанын, балалардың еркін жүріп-тұруына толық жағдай жасалғанын айтып өтті. Жылу жүйесінде ешқандай ақау орын алмағанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада мерекелер кезінде жауапкершілікпен ұжым жұмылдырылғаннан тосын жағдайлар болмағанын айтып өтті.

2.Тыңдалды бөбекжай медбикесі С.Калиева: Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы есеп берді.Балабақша ішінде тазалық шаралары күнделікті жүргізіліп жатқанын, балалар қолдануына керекті заттардың жүйелі жарамсыздығы тексеріліп отырғанын айтып өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың үй-жайларын жабдықтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша топтардың саяжайлары, дене шынықтыру алаңдары жеміс бакшасы бар. Ондағы құралдар балалардың ойнап тұруына сай етіп орналастырылған,аула көгалдандырылған, қураған шөптер мен бұтақтар өз мезгілінде алынып тасталып отыр.Сонымен бірге топ бөлмелері табиғи жолмен желдетіледі, ойыншықтар мен ыдыстар талапқа сай тазартылып отырғанын, кварцтеу өз уақытында өткізіліп отырғанын айтып өтті.

Дей тұрғанмен көмекші тәрбиеші жұмыстарында орын алған кемшіліктерді де айтып, қызметкерлерді өз ісіне жауапкершілікпен қарауды ұсынды.

Қызметкерлер толық келісім берді.

3.Тыңдалды бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева: «Гүлді алея» акциясын өткізу туралы ұсыныс берді. Көктем мезгілі жанару, көгерту мезгілі, сондықтан топта және балабақша ауласында гүлдер мен көшеттер отырғызу кезеңі екенін айтып өтті. Сондықтан топтарды гүлдендіру үшін ата-аналарды тарту, балалардың эстетикалық жағынан әсемделген топтарда жүріп тұруы олар үшін де жақсы екенін айтып өтті. Сонымен бірге балабақша ауласын әр топ өз учаскелерін әсемдеулері, кішкене алаңдарға балалармен гүлдер отырғызып ,оларға күтім жасау керектігін айтып өтті. Топтар мен алаңдарға керекті құралдардың тізімін жасап құрылтайшыға ұсыну керектігін айтып өтті.Қызметкерлер толық келісім берді.

4.Тыңдалды меңгерушінің м.у.а Ж.Нуралиева көктем мезгілі балалардың далада көп жүретін кезі екеніне тоқталып, балабақшаның тазалығы және тәртібі жайлы ескертулер берілді. Демалыс кездерінде балабақша қауіпсіздігіне күзетшілердің жауаптылығы тапсырылды. Көмекші жұмысшыға өз міндеттері ескертілді.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы қанағаттанарлық. Айтылған кемшіліктер түзетілсін.
- 3.Бөбекжай ауласы мен топтар көгертілсін.
4. Көктем мезігіліне қарай бөбекжай ауласы тазалығы сақталсын.

Кеңес төрайымы:

Ж. Нуралиева

Хатшысы:

Т. Утегенова



27.05.2023 ж

Қатысқандар саны-

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
3. Жазғы мезгілде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық
4. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау

1.Тыңдалды бөбекжайда өткен кеңестің қаулылырының орындалуы туралы есебі. Бөбекжай аулалары көшеттермен толықтырылды, ағаштар түптері әктелді, аландарға гүл көшеттері отырғызылып, оларға күтім жасалып жатқанын айтып өтті.

Мейірбике С.Калиева топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы бойынша айтылған кемшіліктер орындалғанын,тазалық жұмыстары толыққанды жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

2.Тыңдалды Жазғы сауықтыру шаралары туралы тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. №4 педагогикалық кеңесте бекітілген жазғы сауықтыру іс шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстырды. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «Доп» мерекесін, «Нептун» мерекесін, «Гүлдер» мерекесін, « Әсем шарлар» және «Спорт күні» мерекелерін өткізетіндіктерін айтып өтті.

Медбике «Жұқпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды.

3.Тыңдалды бөбекжай меңгерушісінің м.у.а Г.Орынбаева балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығымен таныстырды. Әрбір қызметкер баланың өміріне жауапты. Мекеме ғимараттары, ойын алаңы өз мезгілінде тексеріліп тұру керек. Тәрбиешілер мен күтушілер жаз мезгілінде балаларды құммен ойнауда, бассейнге шомылуда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Жаз мезгілінде жұқпала аурулардың көбейетінін айта келе меңгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті.

Қызметкерлер толық келісім берді .

Пікір білдірді Балабақша медбикесі сөз алып, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жайттарды жою және алдын алу шаралары ай сайын жүргізілетіндіктерін сөз етті.

4.Тыңдалды меңгерушінің м.у.а Орынбаева Г. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын өткізді. Асхана қызметкерлері мен шаруа меңгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды.

Қызметкерлер келісім берді.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Жазғы сауықтыру шараларын орындау барлық қызметкерлерге жүктелсін.
- 3.Балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығы өткізілсін, толық орындалсын.
- 4.Өрт қауіпсіздігі техникасы сақталсын.

Кеңес төрайымы



Хатшысы

Г. Орынбаева

Г. Утегенова